

Перевод и значение слова "ярмарка":

жәрмеңке

(пол. jarmark / нем. jahrmarkt — жыл сайынғы базар) Ресми-іскери тілде кең мағынада қолданылады: 1) негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін, тауарлардың көптеген түрлерін науқандық жеңілдіктер ұсына отырып сату үшін нақты белгіленген орындарда ұдайы және жүйелі түрде ұйымдастырылатын сауда базары; 2) қазіргі нарық экономикасы жағдайында әртүрлі кәсіпорындардың, фирмалардың, өндіріс орындарының нақты белгіленген орындарда және бекітілген мерзім аралығында өз тауарлары мен өнімдерінің үлгілерін таныстыру, жаңа жетістіктерді насихаттау арқылы отандық және халықаралық ауқымда сауда мәмілелерін жасауға қол жеткізу мақсатында ұйымдастырылатын ірі көрме-базар.

аймақтық жәрмеңке — региональная ярмарка бос қызмет орындарының жәрмеңкесі — ярмарка вакансий бөлшек сауда жәрмеңкесі — ярмарка розничной торговли жәрмеңке ұйымдастыру — организовать ярмарку / организация ярмарки жәрмеңкеге қатысу — участвовать / участие в ярмарке жылсайынғы жәрмеңке — ежегодная ярмарка көктемгі жәрмеңке — весенняя ярмарка көпшілік қолды тауарлар жәрмеңкесі — ярмарка товаров широкого потребления көтерме сауда жәрмеңкесі — оптовая ярмарка күзгі жәрмеңке — осенняя ярмарка мамандандырылған жәрмеңке — специализированная ярмарка халықаралық жәрмеңке — международная ярмарка

Переведено с помощью "Кәсіпкер сөздігі"